

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің жекелеген мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 қазан N 1620.

Астана қаласының мәдени және рухани келбетін көркейту, қалың жұртшылықты Қазақстан халқының тарихи игілігімен және әлемдік әдебиет пен өнердің жетістіктерімен таныстыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұражайы" және "Сәкен Сейфуллин атындағы республикалық көпшілік кітапханасы" республикалық мемлекеттік мекемелерін қосу жолымен "Қазақстан Республикасының Президенттік мәдениет орталығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Мекеменің жарғысын бекітсін және оның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін ;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Мекемені қаржыландыру Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне республикалық бюджетте 41 "Тарихи-мәдени құндылықтарды республикалық деңгейде сақтау" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.24. N 1172 қаулысымен .

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысымен .

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.24. N 1172; 2004.06.01. N 604 қаулыларымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі